ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№84
(2462)
Сенбі
24 қазан
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҒЫ: ЖАҢА ДӘУІР, ЖАҢА МҮМКІНДІК» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ОҚУШЫЛАР СЛЕТІ





Қазалы ауданындағы Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейде «Тәуелсіздік ұрпағы: Жаңа дәуір, жаңа мүмкіндік» атты облыстық оқушылар слеті өтті.

Жас ұрпақтың білімге құштарлығын арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту, көшбасшылық қабілеттерін шыңдау және ел болашағына деген жауапкершілігін нығайтуға бағытталған шараға ауданның білім саласының өкілдері, ұстаздар және өңіріміздің әр аймағынан келген 80-ге жуық оқушылар қатысты.

Слетте аудан әкімі Алмасбек Есмаханов пен шара қонақтары оқушылардың қолынан шыққан қолөнер бұйымдары мен шығармашылық жұмыстардың көрмесін тамашалап, жас өнертапқыштардың тың идеяларымен және жетістіктерімен танысты.

Салтанатты жиында аудан әкімі жас ұрпақтың білімді, бәсекеге қабілетті әрі отаншыл азамат болып қалыптасуының маңыздылығына тоқталып, оқушыларға ізгі тілегін білдірді. Сондай-ақ, аудандағы білім саласында атқарылып жатқан игі жұмыстар жайында атап өтті.

-Қазалы ауданы – Сыр бойындағы білім мен ағартушылықтың тамыры тереңнен бастау алатын қасиетті өлке. Жыл сайын ауданымызда Президентіміздің тапсырмалары негізінде, өңірімізді төрт жылдан астам уақыт басқарған, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлының және облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының қолдауымен аудандағы білім саласын дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Өткен жылы «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулында 300 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілді. Биыл ауданымыздағы алты мектептің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту мақсатында 270 миллион теңге қаржы бөлініп, нәтижесінде №70, №165, №216, №95, №100, №88 мектептерде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Өткен оқу жылында ауданымыздағы мектептердің 11-сыныбын 1015 түлек аяқтады. Олардың 943-і Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, 531-і мемлекеттік білім грантының иегері атанды. Ауданымыздың білімді жастарының арасында халықаралық және республикалық білім додаларында үздік нәтиже көрсетіп жүрген дарынды оқушыларымыз да жетерлік. «Тәуелсіздік ұрпағы: Жаңа дәуір, жаңа мүмкіндік» атты бүгінгі слет жас ұрпақтың жаңа идеяларына жол ашып, олардың өзара тәжірибе алмасуына, қабілеттерін танытуына және ортақ мақсат төңірегінде бірігуіне мүмкіндік береді деп сенемін. Ұстаздарымыздың мерейі үстем болып, шәкірттеріміздің жетістіктері арта берсін, - деді аудан әкімі.

Облыстық деңгейдегі шара барысында оқушылар зияткерлік ойын, көркемсөз оқу шеберлерінің мүшәйрасы, пікірсайыс және әскери-патриоттық сайыс сынды 4 бағыт бойынша бақ сынасты.

Нәтижесінде білім, ғылым, өнер, спорт және қоғамдық белсенділік бағыттарында жетістікке жеткен оқушылар марапатталып, олардың еңбегі мен талпынысына лайықты баға берілді.

Слеттің қортындысы бойынша жас ұрпақтың мақсат-мүддесін, ел болашағына деген сенімі мен жауапкершілігін айқындайтын үндеу қабылданып, оқушылар түрлі патриоттық әндер шырқап, өз өнерлерін ортаға салды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

2027 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП: ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ - ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» АТТЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС

Қазалы ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң үстемдігін орнықтыру және қоғамда заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне байланысты «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында кеңейтілген мәжіліс өтті.

Әйтеке би кентіндегі №266 мектеп-лицейде өткен «Заң мен тәртіп: Қауіпсіз қоғам – жарқын болашақ» атты жиынға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сала мамандары, білім беру ұйымдарының басшылары, ұстаздар мен ата-аналар қатысты.

Кеңейтілген мәжілісте аудан басшысы «Заң және тәртіп» қағидатын берік орнықтыру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және заң үстемдігін нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерге тоқталды.

-Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Заң және тәртіп» қағидаты мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының біріне айналды. Бұл қағидатты берік орнықтыру, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және заң үстемдігін нығайту – қоғамның басты міндеті. Бүгінгі кеңейтілген мәжілісте ауданымыздағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, жасөспірімдер арасындағы қылмыстылықпен күрес және балалардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау мәселелерін кеңінен талқылайтын боламыз. Қазіргі таңда мектептердегі буллинг пен зорлық-зомбылықтың, ерте жүктілік пен суицидтің алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту қажет. Бала тәрбиесі тек мектептің міндеті емес, бұл – ата-ана мен қоғамның ортақ жауапкершілігі. Құқық қорғау органдары, білім беру және денсаулық сақтау мекемелері мен жергілікті атқарушы органдар өзара бірлесіп, құқық бұзушылықтарға ықпал ететін себептерді ерте анықтап, алдын алу шараларын жүйелі жүргізуі керек. Біздің басты мақсатымыз – заң үстемдігі сақталған, әрбір баланың құқығы қорғалған және тұрғындар өздерін қауіпсіз сезінетін қоғам қалыптастыру. Осы бағыттағы жүйелі жұмыстарды аудан көлемінде жүзеге асыруда баршамыз бірлесе жұмыс атқаруымыз керек, - деді аудан әкімі.

Облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов өңірдегі білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының сапасын арттыру, оқушылардың бойында жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ, мектептердегі тәрбие жұмысының тиімділігін бағалау, педагогтердің бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту және оқушылардың мінез-құлқындағы өзгерістерге дер кезінде назар аудару қажеттігін атап өтті. Ол білім беру ұйымдарында қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруда жүйелі



жұмыстың маңыздылығына тоқталды.

Мәжілісте балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ерте жүктілік пен суицидтің алдын алу мәселелері кеңінен қаралды. Құқық қорғау, білім беру және денсаулық сақтау салаларының өкілдері өз бағыттары бойынша баяндама жасап, аталған мәселелерді шешудегі бірлескен жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

Қауіпсіз қоғам қалыптастыру – ортақ іске жұмылудан басталатынын айтқан аудан басшысы қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыру, қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, барлық білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кешенді жоспардың әзірленіп және оның орындалуын қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті сақтау, барлық қала, кент және ауылдық округтер бойынша жасөспірімдердің қауіпсіздігі мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға байланысты әкімдер, мектеп директорлары, учаскелік полиция инспекторлары, ардагерлер, әйелдер және қоғамдастық мүшелері, белсенді жастар мен жоғары сынып оқушылары мен олардың ата-аналарының қатысуымен арнайы жиын өткізіп, түнгі рейдтік шаралардың жұмысын күшейту, ата-аналармен тығыз байланыста болу және өзге де өзекті мәселелер жөнінде тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.



Айта кетейік, шара барысында қатысушыларға білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан тәрбиелік және профилактикалық жобалар таныстырылды. Атап айтқанда, «Таза Қазақстан – тәртіптен басталады» көрмесінде қоршаған ортаны қорғау, тазалықты сақтау және «Ақылды суару жүйесі» бағытындағы бастамалар көрсетілді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасы мәслихаттары депуттатарының кезектен тыс сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы -11707 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны -140 теңге.

Үгіт – насихат материалдары 2026 жылдың 1 қараша күні сағат 18-00-ден кейін басталып, 2026 жылдың 27 қараша аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй

Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49

E.mail: tooturankazaly@bk.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ



Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп - өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін, қоғамның тұрақтылығымен азаматтардың билікке деген сеніміне нұқсан келтіретін өзекті мәселелердің бірі. Бұл құбылыс заңдылық қағидаттарын бұзып қана қоймай, қоғамдағы әділдік пен теңдікке кері әсерін тигізеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның себептері мен салдарын жою және азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы осы саладағы негізгі құқықтық тетіктерді айқындайды.

Мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет ету, елдің дамуына үлес қосу және азаматтардың сенімін ақтау. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші өз міндетін адал, әділ әрі жауапкершілікпен орындауы тиіс. Қызметтік өкілеттікті жеке мүдде үшін пайдалану, заң талаптарын айналып өту немесе азаматтардың құқықтарын шектеу қоғамда әділетсіздікке жол ашады.

Әсіресе, жергілікті деңгейде халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың жауапкершілігі жоғары. Ауыл тұрғындарының өтініштері мен ұсыныстарын заң аясында қарау, мемлекеттік қызметтерді ашық көрсету, шешім қабылдау кезінде баршаға тең мүмкіндік ұсыну – халық сенімін нығайтудың маңызды шарттары.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін мемлекеттік органдардың қызметінде ашықтықты қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштеріне уақытылы жауап беру, мемлекеттік қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылау және қызметтік әдеп нормаларын сақтау маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нәтижелі болуы құқықтық шаралармен ғана шектелмеуі керек. Оның негізінде әр адамның адалдықты, әділдікті және жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдыруы жатыр.

Жас ұрпаққа адал еңбек етудің, өзгенің құқығын құрметтеудің және заңды сақтаудың маңызын түсіндіру – баршамызға ортақ міндет. Отбасында, білім беру ұйымдарында және еңбек ұжымдарында қалыптасқан дұрыс құндылықтар қоғамның сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін нығайтады.

Сонымен қатар, азаматтар заңсыз әрекеттерге немқұрайлы қарамай, құқық бұзушылық белгілері байқалған жағдайда тиісті органдарға заңды тәртіппен хабарлауы қажет. Әрбір азаматтың белсенді ұстанымы мен жауапкершілігі әділ қоғам қалыптастыруға ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлықты түбегейлі азайту үшін заң талаптарын қатаң сақтау, мемлекеттік органдардың есептілігін арттыру, қоғамдық бақылауды дамыту және азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру қажет.

Адалдық пен әділдік үстемдік құрған қоғамда азаматтардың мемлекетке деген сенімі нығайып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қолайлы жағдай қалыптасады. Әрбір адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, заңды құрметтеп, жемқорлықтың кез келген көрінісіне қарсы тұрса, ортақ мақсатқа жету мүмкіндігі артады.

Бүгінгі таңда, «Тасарық ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес жыл басынан бастап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдепкодексі құқықтық оқытулары өткізіліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу тақырыбында, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде (facebook,) мақалалар үнемі жарияланып отыр.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы және сапалы қарау қадағаланып, барлық өтініштер белгіленген мерзімде қаралады. Мемлекеттік қызметтер «elicense.kz», «e-otinish» веб порталы арқылы электрондық түрде, заң шеңберінде қаралып жауап беріледі.

Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бір күндік науқан емес, тұрақты ұстаным. Адалдықты ту етіп, заңдылықты сақтап, әділдікке негізделген қоғам құру – баршамыздың азаматтық борышымыз.

Әлмұхан КӘРІБАЕВ,
«Тасарық» ауылдық округінің әкімі

ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

Тұмау және жедел респираторлық-вирустық инфекциясы (ЖРВИ) – бұл барлық жастағы және ер адамдар мен әйелдерге және балаларға әсер ететін ауыр вирустық инфекция. Тұмау эпидемиясы жыл сайын, әдетте, суық мезгілде болады. Тұмау вирусы өте оңай таралады: инфекцияның ең көп тараған жолы - ауа тамшылары. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

ЖРВИ белгілері күтпеген жерден пайда болады және бірнеше сағат ішінде сіздің денеңізге жайылады. Температураның, жарыққа сезімталдықтың жоғарылауымен, бүкіл дененің ауырсынуымен көрінеді.

Тұмаудың белгілері, жасырын кезеңі - 5, 6 сағаттан 3 тәулікке дейін созылады. Осы уақыт аралағында вирус ауыз бен мұрынның шырышты қабаттары арқылы ағзаға еніп үлгереді, ал иммундық жүйе оған кедергі жасауға әрекет жасайды. Инкубациялық кезеңнен кейін аурудың мынандай белгілері пайда болады.

1.Тұмау, мұрынның бітелуі, түшкіру, тамақтың жыбырлауы белгілері.

2.Әлсіздік, сырқырап ауыру.

3.Аурудың алғашқы сағаттарында температура 40-градусқа дейін көтеріледі.

4. Құрғақ жөтел пайда болады, ол бірте-бірте ылғалды, қақырық бөлінетін жөтелге айналады.

Тұмаудың алдын алу үшін:

1. Ең тиімді, сенімді жолтұмауға қарсы егілу (вакцинация)

2.Үйдің ауасын жиі желдету арқылы тазарту, бөлмелерді дымқыл шүберекпен сүртіп тазарту.

3.Бөлмелерді қалыпты температуралық режимде ұстау.

4.Жеке бас тазалығын сақтау.

5.Қолды жиі жуу немесе бір реттік ылғалды қол орамал пайдалану немесе бетора-малдарды жиі ауыстыру.

6. Дене шынықтыру, таза ауада көбірек болу.

7. Құнарлы және сапалы тамақтану.

8. Әрбір 2 сағат сайын мұрынның шырышты қабаттарын оксалин майымен майлап отыру.

9.Халықтың жиі шоғырланатын жерінде болуды шектеу.

Тұмаудың алғашқы белгілері басталғаннан бастап өз бетіңізше ем жүргізбей, дәрігерге қаралу қажеттігін естен шығармаған жөн.

Өз денсаулықтарыңыз өз қолдарыңызда!

Сара ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің дамуына, қоғамның тұрақтылығына және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне кері әсер ететін маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте ең маңызды бағыттардың бірі – оның алдын алу. Бұл ретте заңдылық, жариялылық пен ашықтық, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы сияқты қағидаттардың маңызы зор.

Мемлекеттік қызметшілер үшін адалдық пен әділдік – кәсіби қызметтің негізгі өлшемдерінің бірі. Қызметтік өкілеттікті жеке басының, топтық немесе өзге де қызметтік емес мүдделер үшін пайдалануға жол бермеу – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың маңызды тетігі. Әрбір мемлекеттік қызметші өз шешімі мен әрекетінің қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет.

Сонымен қатар, мүдделер қақтығысын болдырмау, қаржылық бақылау талаптарын сақтау, белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындау және қызметтік әдеп нормаларын ұстану мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен сенімділігін арттырады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте азаматтардың да рөлі ерекше. Заңда сыбайлас жемқорлықтыңтың құқық бұзушылықтары туралы хабарлау тәртібі көзделген. Яғни, қоғам мүшелерінің құқық бұзушылыққа немқұрайлы қарамай, заң шеңберінде тиісті органдарға хабарлауы – сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге ықпал ететін маңызды құрал.

Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды бала кезден бастау қажет. Адал еңбек, заңды құрметтеу, жауапкершілік, әділдік және өзгенің құқығын сыйлау сияқты құндылықтар қоғамның күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлықты жою тек жазалау шаралары мен шектелмейді. Оның себептері мен жағдайларын алдын ала анықтау, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және қоғамның құқықтық сауаттылығын көтеру де маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – баршаға ортақ жауапкершілік. Әр азамат заң талаптарын сақтап, адалдық пен әділдікті өмірлік ұстанымына айналдырғанда ғана қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениеті қалыптасады. Адал қоғам құру – бір ғана мемлекеттік органның емес, әр адамның күнделікті таңдауы мен жауапкершілігінен басталады.

Зибагуль СЫДЫКОВА,
Қазалы аудандық
Мемлекеттік қазынашылық
басқармасының
бас маман-бас қазынашысы

БАЛЫҚ АУЛАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ!

Балық аулау көптеген азаматтардың сүйікті демалыс түрлерінің бірі. Алайда су айдындарында қауіпсіздік талаптарын сақтамау адам өміріне қауіп төндіріп, қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Әсіресе, балық аулау кезінде ауа райының күрт өзгеруі, қайықты дұрыс пайдаланбау және жеке қауіпсіздік шараларын елемеу салдарынан түрлі төтенше жағдайлар орын алуы ықтимал.

Осыған байланысты Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды балық аулау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Балық аулауға бармас бұрын нені ескеру қажет?

Балық аулауға шығар алдында ауа райы болжамын тексеріп, қатты жел, найзағай немесе қолайсыз ауа райы күтілсе, су айдынына барудан бас тартқан жөн. Сонымен қатар, балық аулайтын жердің жағдайын алдын ала зерттеп, қауіпті және рұқсат етілмеген аумақтарға бармау қажет.

Балық аулау кезінде:

- Құтқару кеудешесін кию керек, әсіресе қайықпен жүргенде;
- Мас күйінде суға түсуге, қайық басқаруға және балық аулауға болмайды.
- Қараңғы уақытта жарық шамын және байланыс құралын алып жүру қажет;
- Ұялы телефонды су өткізбейтін қапқа салып, қуатталған күйде ұстаған дұрыс;
- Жалғыз барып балық аулаудан аулақ болып, жақындарыңызға қайда баратыныңызды және қашан оралатыныңызды хабарлаңыз.
- Тік жарлы, тайғақ және опырылу қаупі бар жағалауларда сақ болыңыз.

Қайықпен балық аулау кезіндегі қауіпсіздік

Қайыққа шамадан тыс жүк тиеуге және оның белгіленген сыйымдылығынан артық адам мінгізуге болмайды. Қайықтың техникалық жағдайын, ескектерін, қозғалтқышын және құтқару құралдарының жарамдылығын алдын ала тексеру қажет. Қайық қозғалып келе жатқанда орын ауыстырмай, кенет қимыл жасамаған жөн.

Қатты жел мен толқын кезінде ашық суға шығу аса қауіпті. Қайық аударылған жағдайда үрейге бой алдырмай, құтқару кеудешесін шешпей, қайыққа немесе қалқып жүрген затқа жармасып, көмек шақыру керек.

Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі

Балаларды су жағасында қараусыз қалдыруға болмайды. Оларға ересектердің бақылауынсыз суға түсуге, қайыққа мінуге және қауіпті жерлерде балық аулауға рұқсат берілмеуі тиіс. Балаларға судағы қауіпсіздік ережелерін алдын ала түсіндіріп, төтенше жағдай кезінде қандай әрекет жасау керектігін үйрету маңызды.

Төтенше жағдай туындаған кезде не істеу керек?

Егер адам суға құлап кетсе немесе батып бара жатса, дереу 112 нөміріне хабарлау қажет. Құтқару дағдылары болмаса, өз өміріңізді қатерге тігіп, суға секірмеңіз. Оның орнына зардап шегушіге арқан, құтқару шеңбері немесе қалқып тұратын затты ұсыныңыз. Оқиға орны мен зардап шегушінің жағдайын құтқарушыларға нақты жеткізіңіз.

Суға батып бара жатқан адамды судан шығарғаннан кейін оның тыныс алуын тексеріп, қажет болса, диспетчердің нұсқауымен жүрек-өкпе реанимациясын бастаңыз.

Құрметті аудан тұрғындары!

Балық аулау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау – өз өміріңіз бен жақындарыңыздың амандығын қорғаудың басты шарты. Судағы қауіпсіздік талаптарын елемей, өзіңізді және өзгелерді қатерге тікпеңіз.

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі азаматтарды сақтық шараларын қатаң сақтауға, су айдындарында жауапкершілік танытуға және төтенше жағдайлардың алдын алуға шақырады.

Қауіпсіздік – әр адамның өз қолында!

Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі

Көңіл айту

Аудандық почта байланысы торабы және бастауыш ардагерлер ұйымы еңбек ардагері, ҚР құрметті байланысшысы Меркеев Телағысқа, інісі, ауылшаруашылық саласының ардагері, Құрмет орденінің иегері

ЕРҒАЛИ КҮНІКЕНІҢ

өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**